

Сабақтың тақырыбы:

Жақсыз сөйлем, жасалуы

Сабақтың мақсаты:

а) оқушыларға жақсыз сөйлем туралы түсінікті тілмен оқушыларды қатыстыра отырып жан-жақты мәлімет беру;

ә) сөйлемнің түрлерін түсіндіре отырып ұжымдық, деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың адамдық қасиеттерін дамыту, сыни тұрғыдан ойлай білуге жетелеу,

б) оқушылардың белсенді ойлау қабілеттерін жандандырып, оқу дағдыларын жетілдіру.
Адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: дәстүрден тыс сабақ

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық жұмыс

Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, кеспе қағаздар, қосымша материалдар.

Пәнаралық байланыс: әдебиет

Сабақтың барысы:

а) Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен амандасу, түгендеу, оқу құралдарын тексеру. Сыныптың тазалығына көңіл бөлу.

Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

Тренинг: « Мен сізді көргеніме қуаныштымын, сіз бүгін ...». Топқа бөле отырып, көршілеріне жақсы сөздер мен тілектер айту.

Оқушыларды гүл қиындыларын құрастыру арқылы топқа бөлеміз.

«Өміршендік ережелерін айтайық.»

1. Жігер деген-Мен
2. Күш деген-Мен
3. Махаббат деген-Мен
4. Кешірім деген-Мен
5. Құдірет деген-Мен
7. Денсаулық деген-Мен
8. Адалдық деген-Мен
9. Жарқындылық деген-Мен
10. Бар ғажайып деген-Мен

Хормен: *Бәрі маған байланысты,
Бәрі менің қолымда.*

Жаңа сабақты түсіндіру.

Кейбір жай сөйлемдерде бастауыш мүлдем болмайды. Ондай жағдайда баяндауыштың өзі сөйлемге негіз болып тұрады.

Менің айтқаным келді. Бір жерде көргенім бар.

Баяндауыштың бір өзі сөйлемге негіз болатын жай сөйлемнің түрін **жақсыз сөйлем дейміз.**

Жақсыз сөйлемнің жасалу жолдары

<p><i>-қы, -ғы, -кі, -гі</i></p> <p>жұрнақтары қалау райлы етістіктен болады</p>	<p>Барыс септік жалғауы тұйық етістіктен соң <i>бол, жара, тура, кел</i> деген көмекші етістіктердің келуі арқылы жасалады</p>	<p>Атау немесе барыс септік тұлғалы тұйық етістіктен соң <i>керек, жөн, мүмкін</i> деген бейтарап сөздердің тіркесіп келуі арқылы жасалады</p>	<p><i>-ып, -іп, -п</i></p> <p>жұрнақтары көсемшеден кейін <i>бол</i> деген көмекші етістіктің болымсыз тұлғада келуі арқылы жасалады</p>	<p>Құрамында бастауыш тұлғалы сөзі бар <i>идиомдар</i> жақсыз сөйлем болады</p>
<p><i>Абайдың ұғына түскісі келді</i></p>	<p><i>Енді сізге айтуға тура келді.</i></p>	<p><i>Біздің ашық сөйлесуіміз керек.</i></p>	<p><i>Нені айтып отырғанын түсініп болмайды</i></p>	<p><i>Енді біраздан кейін көз байлануға айналады.</i></p>

БІЛІМДІ БЕКІТУ:

Жаттығумен жұмыс: 73-жаттығу. Көшіріп жазып, жақсыз сөйлемдердің қандай жолдармен жасалып тұрғанына талдау жасаңдар.

I топ: - Жанашырдың көп болғаны ғой! Бірақ тобына бөтендігім жоқ.- Үрпиген қоңырқай шашының астынан бозарып, күстеніп, науқас ажарлы терісі көрінген төрт – бес балаға Абайдың көзі түсті.Әлі жауап қатпаған Абайды Асылбектің сөйлеткісі келді.

II топ: Абайдың да шек сілесі қатып еді.Базаралыға қамшы жұмсаса, қарап қалуға болмайды. – Қойымды қасқыр жей ме десем, қойдың өзінің жегісі келе ме, қалай?
-Амал не, көнуге тура келді.

III топ: Әйтеуір қай жерде тәжім ету керек, қай уақытта тұру керек, қай уақытта тымақты көзден алып кең отыруға болады, бәрін өзің айтып отыр.

Шығармашылық

жұмыс:

Тапсырма 1.

Төменде берілген күрделі сөздерді баяндауыш етіп, жақсыз сөйлем құраңдар.

I топ: *Барғым келмеді, түсуге болмайды,*

II топ: *кездесуі мүмкін, түсініп болмайды,*

III топ: *сөйлесуің керек, айтуға тура келді.*



Тапсырма 2.

«Құмырсқалар жорығы» бейнеүзінді. Бейнеүзіндіні тамашалап, жетекші сұрақтарға жауап беріледі.

Бейнеүзіндіні қарап, жетекші сұрақтарды пайдалана отырып, топпен талқылау.

- Бейнеүзіндіні қарау барысында не ойларыңызға келді?
- Рөлдер қалай бөлінген?
- Басқарушы құмырсқаның рөлі қандай?
- Осыған қандай мінездеме берер едіңіздер?

I топ: Бейнеүзіндіні қарау барысында не ойларыңызға келді?

II топ: Басқарушы құмырсқаның рөлі қандай?

III топ: Осыған қандай мінездеме берер едіңіздер?

Оқушылар ойын тыңдау. Өз ойларын, көзқарастарын дәптерге жазады. Жақсыз сөйлемдер болуын талап етемін .

Тапсырма 3. Тесік шелек

Бір байдың үйіне қызметшісі күнде екі шелекпен су таситын. Алайда, оның біреуінің түбі тесік болатын. Бүтін шелекпен суды қожайынның үйіне төкпей-шашпай жеткізсе, тесік шелекке құйылған су жол бойы тамып, жартысы ғана кәдеге жарайтын. Осылайша арада екі жыл сырғып өте шығыпты.

Бір күні әдеттегідей өзен жағасына тағы барғанда, шыдамаған тесік шелек су тасушыға қысыла-қымтырыла: «Сізден кешірім сұрасам деп едім, білсеңіз ылғи алдыңызда ұяттан өртене жаздаймын», – депті. Таңқалған су тасушы: «Неге?» деп сұрайды. Шелек: «Өйткені, түбім тесік болғандықтан, судың жартысын ғана жеткізіп, өзіме жүктелген міндетті толық орындай алмай жүргеніме іштей қатты қысылам. Менің кесірімнен сіз де тиесілі еңбекақыңызды толықтай ала алмай келесіз» дегенде қызметші: «Оған түк те қайғырма. Одан да қожайынның үйіне баратын жолдың сен жағындағы гүлдеріне бір қарашы», – депті жай ғана.

Шынында да қожайынның үйіне жеткенше жолдың өз жағы жапырағы жайқалған, иісі аңқыған гүлдермен көмкеріліпті. Әдеміліке тамсанған шелек бір сәт аңтарылып тұрып қалғанда, су тасушы: – Жолдың сен жағына әдейілеп гүлдер ектім. Күн сайын су алып қайтқанда сен оларды суғарып тұрдың. Екі жылдан бері қожайынды осылайша қуантып келдім. Егер сен тесік болмағаныңда, гүлдер болар ма еді?!», – деген екен.

Пенде болған соң тесік шелек секілді әркімнің де өзіне тән кемшіліктері болары сөзсіз. Алайда, одан қуыстанып, қорқа беру де жөн емес. Дегенмен, кемшілігін түзеп, үлгі ала білсе, жақсылыққа қарай ұмтылса, сіздің де біреуге пайдаңыз тиері сөзсіз.

Тапсырма 4.

Осы оқып, білгенімізді «Алты қалпақ» әдісімен анықтап, бағалаймыз. Сондықтан да сіздермен осы технологияны өткізейік.

Қызыл Қалпақ. Жақсы көңіл. Сезім, ішкі сезім. Сезімге бой алдырмау. Сенің сезіміңе қалай әсер етті?

Сары Қалпақ. Артықшылық. Не себептен бұлай істеуге болады? Артықшылығы неде?

Қара Қалпақ. Абайлылық. Пікірлеу, пайымдау. Бағалау. Осы шындық па?

Жасыл Қалпақ. Шығармашылық. Әртүрлі ойлар. Жаңа ойлар. Ұсыныс. Қаншалықты шешімдер мен ойлардан мүмкіншіліктер туындайды?

Ақ Қалпақ. Ақпарат. Сұрақтар. Мәтін бойынша сұрақтар дайындау.

Көк Қалпақ. Ойлау қабілетін ұйымдастыру, сіздің де біреуге пайдаңыз тиері сөзсіз.


Білімді бекіту:

Өтілген тақырыпқа байланысты бірнеше сұрақтар қоямын. Түсінбеген сұрақтарына жауап беремін.

1. Сөйлемдер құрылысына қарай нешеге бөлінеді?
2. жай сөйлем дегеніміз не?
3. жақты сөйлем қалай жасалады?
4. жақсыз сөйлем қандай жолдармен жасалады?

Бағалау:

Менің жеке қатысым: Оқушының аты-жөні



Мысалы: $100 + 100 + 50 + 40 : 5 = 58$

Сапалық баға көрсеткіші:4

80 – 100 \ 5

50 -80 \ 4

30 – 50 \ 3

10 – 30 \ 2

Үйге тапсырма: 75 -жаттығу